

УТВЕРЖДЕНО
на заседании Ученого совета
юридического факультета
« ___ » _____ 2015 г. Протокол № ___
Декан юридического факультета
д.ю.н., профессор _____ Д.Л. Байдельдинов
« ___ » _____ 2015 г.

5B030100 - Құқықтану мамандығының «Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы (ерекше бөлім)» дәрісінен аралық емтихан сұрақтары

Пәннің мақсаттары: студенттердің қылмыстық іс жүргізудің барлық мәселелері бойынша терең білім алып, қылмыстық іс жүргізу заңдарын жетік біліп, құқық қорғау органдары мен соттың қызметін жетілдірудің нысандары бойынша мағлұмат алуында. Сондай-ақ, студенттерге бұл пән қылмыстық процесс құқығының негіздерін оқыту, қылмыстық істер бойынша өндіріс жүргізу, қылмыстық ізге түсу органдары мен соттың қызметінің мазмұны мен нысандарын білу мақсатында оқытылады.

Міндеттері: қылмыстық іс жүргізу құқығының нормаларымен танысып, оларды тиімді қолдана білу; анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура мен соттың қылмыстың алдын алу, қылмыстық іс қозғау, алдын ала тергеу және істерді сотта қарап шешу қызметін қарастыру; қылмыстық іс жүргізу ғылымының теориялық мәселелерін зерттеу.

Пәнді оқу нәтижесінде студенттердің игеретіндері:

білімді:

- қылмыстық іс жүргізу құқығының қайнар көздері туралы түсінікті; қылмыстық іс жүргізудің негізгі қағидалары туралы;
- қылмыстық істі жүргізу барысында қолданылатын дәлелдемелер мен дәлелдеуді; қылмыстық процеске қатысушылардың процессуалдық жағдайын; - - қылмыстық іс жүргізудің әр бір сатысының мәнін, мазмұнын, міндеттерін; тергеу және сот әрекеттерін жүргізудің процессуалдық тәртібін; қылмыстық істі тоқтата тұрудың негіздері мен тәртібін; қылмыстық істі қысқартудың негіздері мен тәртібін;
- қылмыстық істерді біріктіру мен бөлектеудің процессуалдық тәртібін; қылмыстық істердің жекелеген санаттары бойынша іс жүргізудің ерекшеліктерін білу.

дағдыны:

- Қылмыстық іс жүргізудің ұйымдастырылуын және қызметін реттеуші Конституцияның, заңдардың және заңға сәйкес актілердің нормаларын қолдана білу;
- сот билігінің ұйымдастырылуы мен қызметіндегі мәселелерді құқықтық талдау;
- құқықтық, ғылыми және анықтамалық мағлұматтарды практикалық қолдану;
- қылмыстық іс жүргізудің ұйымдастырылуы мен қызметінің даму жолдарын табу және қоладну;

құзыреттерді:

- процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолданудың негіздерін және процессуалдық тәртібін білу, талдау;
- осы пәнді оқу нәтижесінде алған білімді практикалық қызметте қолдану, заңи категорияларды еркін қолдану және жұмыс жасау;
- сот билігі мәселелеріне қатысты ғылыми проблемаларды табу, зерттеу міндеттерін қалыптастыру және оларды шешу үшін қажетті әдістер мен тәсілдерді таңдау;
- қылмыстық іс жүргізу ғылымын игеруде туындаушы мәселелерді өз бастамшылығымен шешу.

Пәнді оқып үйрену өткен тақырыптардың барлығын қамтитын жазбаша және ауызша нысандағы емтихан қабылдаумен аяқталады. 8 аптада ауызша нысанда өтетін Midterm Exam жоспарланған. Midterm Exam емтиханның төменгі балы 50, жоғарғы балы 100. Емтиханға жіберу үшін міндетті шарт бағдарламада қарастырылған барлық

тапсырмаларды орындау болып табылады. Дәріс тақырыптары бойынша жазбаша жұмыстар, СӨЖ шеңберінде қылмыстық құқықтың өзекті проблемалары бойынша сөз жарысы жоспарланған.

Midterm Exam емтихан сұрақтары

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізудің жалпы шарттарын атаңыз
2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысандарын атаңыз
3. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеруге талдау жасаңыз
4. Анықтау нысанында және хаттамалық нысанда жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді сипаттаңыз
5. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзіміне талдау жасаңыз
6. Тергеу әрекеттеріне талдау жасаңыз
7. Жауап алуға шақыру тәртібі қандай?
8. Жауап алу орны, уақыты мен ұзақтығына сипаттама беріңіз
9. Жауап алуды жүргізудің жалпы қағидаларын атаңыз
10. Қосымша және қайталап жауап алу негіздерін атаңыз
11. Ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, бейнебайланыс режимінде жауап алудың (қашықтықтан жауап алу) ерекшеліктерін көрсетіңіз
12. Куәдан және жәбірленушіден жауап алудың ерекшеліктеріне талдау жасаңыз
13. Кәметке толмаған куәдан немесе жәбірленушіден жауап алу ерекшеліктерін атаңыз
14. Күдіктіден жауап алу ерекшеліктерін атаңыз
15. Беттестіру тергеу әрекетіне сипаттама беріңіз
16. Қарап-тексеру тергеу әрекетіне талдау жасаңыз
17. Қарап-тексеруді жүргізудің жалпы қағидаларын атаңыз
18. Куәландыру тергеу әрекетіне сипаттама беріңіз
19. Эксгумациялау үшін негіздерді атаңыз
20. Тану үшін көрсету тәртібіне талдау жасаңыз
21. Тінту мен алуды жүргізу тәртібі қандай?
22. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау тергеу әрекетін ашып көрсетіңіз
23. Тергеу эсперименті тергеу әрекетіне сипаттама беріңіз.
24. Сараптаманы тағайындау қалай жүзеге асырылады?
25. Сараптаманы қандай жағдайларда міндетті түрде тағайындалады?
26. Сараптама тағайындау тәртібі қандай?
27. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу шарттары мен негіздерін атаңыз
28. Жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін бағалау және дәлелдеуде пайдалану қалай жүзеге асырылады?
29. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату негіздерін атаңыз
30. Адамды немесе орынды жасырын аудио- және (немесе) бейнебақылау жасырын тергеу әрекетіне талдау жасаңыз

31. Электр (телекоммуникациялық) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу жасырын тергеу әрекетін сипаттаңыз
32. Абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу жасырын тергеу әрекетін сипаттаңыз
33. Компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу жасырын тергеу әрекетін сипаттаңыз
34. Пошта жөнелтілімдері мен өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау жасырын тергеу әрекетін сипаттаңыз
35. Орынға жасырын кіру және (немесе) оны қарап-зерттеу жасырын тергеу әрекетін сипаттаңыз
36. Адамды немесе орынды жасырын байқауға алу жасырын тергеу әрекетін сипаттаңыз
37. Жасырын бақыланатын жеткізілім жасырын тергеу әрекетін сипаттаңыз
38. Жасырын бақыланатын сатып алу жасырын тергеу әрекетіне талдау жасаңыз
39. Жасырын ендіру және (немесе) қылмыстық әрекетті имитациялау жасырын тергеу әрекетіне талдау жасаңыз
40. Үлгілерді алудың негіздерін атаңыз.